ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 15 қыркүйек №5265-23-00-2/2068 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты Г.Ж.Жолбарыс төрағалығымен оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Шымкент қаласының дін істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекеме (әрі қарай – КММ, Орталық)

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «ІТ-ҚЫЗМЕТ», әрекет ететін Жарылхасын Икрамидинович Есжанов (әрі қарай- ЖК Ж.Есжанов)

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:
Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 147, 223-226, 229 - баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШТІ:

Шымкент қаласының дін істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «ІТ-ҚЫЗМЕТ», әрекет ететін Жарылхасын Икрамидинович Есжанов мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «ІТ-ҚЫЗМЕТ», әрекет ететін Жарылхасын Икрамидинович Есжановтан (ЖСН 900 117 302 635) мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж салығы 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Шымкент қалалық

Құжатқа қол қойылған: Жолбарыс Г. Ж., 15.09.2023
Заңды күшіне енген күні: 24.10.2023, судья Жолбарыс Г. Ж., 24.10.2023
5265-23-3-1/2301

сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья Г.Жолбарыс

Құжатқа қол қойылған: Жолбарыс Г. Ж., 15.09.2023

Заңды күшіне енген күні: 24.10.2023, судья Жолбарыс Г. Ж., 24.10.2023

5265-23-3-1/2301